

Бекітемін:

ЖК Н.Н.Ғайып «Ақбобек» балабақшасы

Әдіскері: Б.А.А. Ж. Балтабаева

19.09.2025 2025жыл

Білім беру ұйымы: “Ақбобек” балабақшасы

Топ: “Жұлдыз” ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастан

Педагогтың аты-жөні: Бүпейжанова Т.Д

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 4 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.09.2025 ж	Сейсенбі 23.09.2025 ж	Сәрсенбі 24.09.2025ж	Бейсенбі 25.09.2025ж	Жұма 26.09.2025ж
Балалары қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жекпе-жек ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Кәуіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Кәуіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй құмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланың өздігінен жетілеу мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Ойын: «Не жетіспейді?» Максаты: Көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту. Балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады. Суретті мұқият қарап, әр заттың жетіспейтін бөлігін табуын сұрайды. Қоршаған әлеммен таныстыру	«Ұқсасын тап» Максаты: Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы арқылы ақыл ойын дамыту. Математика негіздері	«Сәлем сөздің атасы!» Максаты: Әдептілік туралы өңгімелеу. Амаңдасу сөздің атасы, көшеде кездескен үлкен кішіге де сәлемдесу әдептіліктің белгісі екенін түсіндіру. Қазақ күйлерімен таныстыру. Ұлттық құндылық	«Мен құрбыларымды жақсы көремін» Максаты: Балалардың шеңбер құрады. Балалардың ішінен біреуі «Мен сені жақсы көремін» (көршісінің атын айтады) дейді және қатар отырғанның қолын қысады. Жақсы көруді қабылдаушы оған күлкімен жауап береді және соны көрші балаға қайталайды. Дене тәрбиесі	«Менің бос уақытым» Максаты: Демалыс күндерін қалай өткізгендері туралы өңгімелеу. Сөйлеуді дамыту
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған танертенгі жаттығулар кешені Танғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Максаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбір» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Танғы ас	Танғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемесу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру. Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Шыдамдылықты арттыру Жалпы дамытушы жаттығулар: Ұзақ уақыт бірқалыпты қимылдар. Негізгі қимылдар: Ұзақ жүгіру, баяу қарқынмен жүру. Ырғақтық жаттығулар: Музыкамен ұзақ жаттығулар. Ұлттық ойын: «Сақина тастау». Мәдени-гигиеналық дағдылар: Үстел басындағы тәртіп. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Ас ішер алдында үстелді дайындау. Сауықтыру шаралары: Серуен	Қазақ тілі «Табиғат құбылыстары» Тілдік дамытушы орта: Күннің ашық, бұлтты, жаңбырлы, желді күндері туралы сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән і дыбысы (сөздер: кірімшік, іргетас, білім). Сөздік қор: «Жаңбыр, қар, күн, жел, бұлт». Грамматикалық құрылым: Сөздерді септеу, тәуелдесу («Жаңбыр жауды», «Бұлт аспанда»). Байланыстырып	Дене тәрбиесі Икемділік пен әсем қимыл Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол-аяқ қимылдарын әсем орындау. Негізгі қимылдар: Би қимылдары элементтері. Ырғақтық жаттығулар: Музыка ырғағына аяққа тербелу, қолды жай қимылдату. Ұлттық ойын: «Ханталапай». Мәдени-гигиеналық дағдылар: Киімдегі ұқыптылық. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Киімді таза ұстау.	Музыка Музыка тыңдай білейік» Музыка тыңдау: Баяу вальс тыңдату. Балалар әуенді соңына дейін тыңдап, әсерімен бөліседі. Ән айту: «Қошақаным» әнін мәнерлеп айту. Қимыл: Әуенге сәйкес аяқтан аяққа тербелу, қолды жай қимылдату. Аспап: Сылдырмақпен ырғақты жағу. Би: Жұптасып жүріп, жай вальс қимылын жасау.	Дене тәрбиесі Ай сайынғы қорытынды Жалпы дамытушы жаттығулар: Қыркүйекте үйренген жаттығуларды қайталау. Негізгі қимылдар: Қимылдарды үйлестіру. Ырғақтық жаттығулар: Музыкамен барлық қимылдарды біріктіру. Ұлттық ойын: «Ақсүйек». Мәдени-гигиеналық дағдылар: Барлық үйренген дағдыларды қайталау. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Өзіндік тазалыққа дағдылану. Сауықтыру шаралары: Ашық ауадағы қимылды ойындар.

	кезіндегі қозғалыстар.	сойлеу: Сурет бойынша табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу. Музыка «Әуенді көңіл-күй» Музыка тыңдау. Жай әуен тыңдату. Балалардан – әуен тыныш па, көңілді ме – деп сұрау. Ән айту: «Ана туралы жыр» (жеңілдетілген нұсқа). Кимыл: Жай тербелу. Аспап: Барабанды жай ырғақпен ұру. Би: Жай жүріп би кимылын жасау.			
	Ас бөлмесіндегі жиһаздар Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет: Суреттер арқылы «үстел, орындық, шкаф» сөздерін таныстыру. «Бұл – үстел. Үстелде не бар?» үлгісінде сөйлем құрау. Ас бөлмесіне байланысты санамақ жаттау. Математика негіздері: Ас бөлмесіндегі заттарды санау (1 үстел, 4 орындық) «Көп – аз» ұғымдарын бекіту	Қонақ бөлмесіндегі жиһаздар Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет: «Диван қайда тұр?» сұрағына жауап беру. «Қонақ бөлме» туралы шағын өлең тыңдау. Математика негіздері: Геометриялық пішіндерді ажырату (кілем – төртбұрыш, үстел – дөңгелек). Ұзындығын салыстыру (диван ұзын, орындық қысқа). Сурет салу: Жіптің ізі арқылы «кілем өрнегін» бейнелесу.	Жатын бөлмесіндегі жиһаздар Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет: «Менің төсегімде жастық бар» үлгісінде сөйлемдер құрау. Жатын бөлмесі туралы ертегіні тыңдап, мазмұнын айту. Математика негіздері: «Үлкен – кіші» салыстыру (төсек – үлкен, жастық – кіші) Жиһаздарды санау. Сурет салу: Үрлеу әдісімен «жастық пен көрпе» суретін салу.	Балалар бөлмесіндегі жиһаздар Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет: Диалог құру: «Бұл қандай жиһаз?» – «Бұл үстел. Ол балаға керек.» Балалар бөлмесіне қатысты тақпақ жаттау. Математика негіздері: Заттарды жұптау (екі орындық – екі бала). «Тең – тең емес» ұғымдарын бекіту. Сурет салу: Құм бетінде «балалар бөлмесінің жиһаздарын» бейнелеу.	Жиһаздар дүкенінде Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет: «Жиһаздар дүкенінде» сюжеттік ойын. Диалог: «Саған қандай орындық ұнайды?» – «Маған жұмсақ орындық ұнайды.» Жиһаздар туралы шағын өлең немесе жаңылтпаш жаттау. Математика негіздері: Жиһаздарды өлшеміне қарай салыстыру (үлкен – кіші, ұзын – қысқа). «Біреу – екеу – көп» ұғымын бекіту. Сурет салу: Балаларға ұнаған жиһазды өз қиялымен салу (еркін әдіс). Мүсіндеу: Ермексаздан шағын «жиһаздар дүкенін» жасау (үстел, орындық).
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, кимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген кимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға				

	салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасакталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүрулі үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киегін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суга қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінен ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қалау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластаған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды ұғітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рольдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сурет салу: Саусақпен «үстел үстіндегі дастархан» бейнесін салу. Мүсіндеу: Ермексаздан «шыныаяқ пен тәрелке» мүсіндеу. Жапсыру: Қағаздан дөңгелек тәрелке жип, қағаз бетіне орналастыру. Құрастыру: Лего арқылы үстел мен орындық жасау. Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру:	Мүсіндеу: Ермексаздан «диван жастығын» жасау. Жапсыру: Түрлі-түсті қағаздан төртбұрыш жип, «кілем бейнесін» құрастыру. Құрастыру: Қағаздан диванның шағын үлгісін бүктеу. Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру: Қонақ бөлмесінің отбасы өміріндегі рөлі	Мүсіндеу: Ермексаздан «төсек пен жастықтың» қарапайым бейнесін жасау. Жапсыру: Қағаздан сопақша пішіндер жип, «жастық» құрастыру. Құрастыру: Табиғи материалдардан (мақта – жастық, жіп – көрпе өрнегі) композиция жасау. Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру: Жатын бөлмесіндегі жиһаздың маңызы (тынығу, демалу үшін).	Мүсіндеу: Ермексаздан «ойыншық сөресін» жасау. Жапсыру: Дайын пішіндерден «шкаф пен орындық» құрастыру. Құрастыру: Қалдық материалдардан (қорап – шкаф, қапқақ – үстел) балалар бөлмесінің макетін жасау. Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру: Балалар бөлмесін таза ұстау, ойыншықтарды жинау дағдысын қалыптастыру.	Жапсыру: Жиһаздардың суреттерін жип, «дүкен сөресіне» орналастыру. Құрастыру: Қораптар мен қалдық материалдардан «дүкен макетін» жасау. Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру: Жиһазды сатып алу, күтіп ұстау, ұқыпты қолдану жайлы әңгіме.

	Ас бөлмесіндегі жиһаздың қажеттілігі туралы әңгіме.	туралы әңгіме.			
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеуді дамыту Ойын «Әңгіме құрастыр» сурет бойынша қысқа әңгіме айту.	Қазақ тілі Ойын «Сөз ойла» – тәрбиеші «доп» десе, бала «күлкен доп» деп толықтырады.	Математика негіздері Ойын «Орын ауыстыр» – үстелдегі үш затты оңнан солға қою.	«Мен не үйрендім?» – бала суреттер арқылы өзі үйренгенді айтып береді.	Ойын «Бұл не?» – балаға суреттен немесе заттан көрсетіп, дұрыс атауын айтқызу.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Секіріп өту» Мақсаты: Қимыл дәлдігін, секіру шеберлігін дамыту. Шарты: Белгіленген биіктіктен немесе ұзындықтан секіріп өту.	«Жүк тасушылар» Мақсаты: Күш, төзімділік және командалық жұмыс. Шарты: Балалар «жүк» (қап, доп) топпен белгілі жерге тасиды.	«Кім тез жиналады?» Мақсаты: Уақытты тиімді пайдалану, шапшаңдық. Шарты: Белгі берілгенде балалар өз командасының «қоймасына» заттарды тез жинайды.	«Тосқауылдан өту» Мақсаты: Еггілік, тепе-теңдік және төзімділік. Шарты: Арқан астынан еңбектеу, кедергіден секіру, тақтай үстімен жүру.	«Футбол мини-матч» Мақсаты: Ұжымдық ойын дағдыларын жетілдіру, қимыл белсенділігін арттыру. Шарты: Екі команда арасында қысқа футбол ойыны өткізіледі.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін ітермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шапшыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғаш айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адам азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, колонер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қалағалу (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қолтасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз. Бүгінгі бақшадағы қызықтары туралы әңгімелесіп, сұрақ қойыңыз. Бірге үстел үсті ойын ойнап, логикасын дамытыңыз. Бірге сурет салып, күннің әсерлерін бейнеленіз.				